

ӘОЖ 343.341 (574)

К.С. Назарбек
 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің академиясы,
 Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
 E-mail: kai-kazakh@mail.ru

«Діни экстремизм» ұғымы туралы саяси-құқықтық дискурс

Қазақстан Республикасында «діни экстремизм» мен «терроризм» мәселесі құқыққа қайшы әрекеттерімен күрес саясатын қалыптастыру мәселесі танымдық қана емес практикалық маңызы үлкен мәселелер қатарында. Себебі аталмыш мәселе елдің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Ашық қоғам орнатып жатқан Қазақстанға әлемдік қауымдастықта болып жатқан негізгі үрдістер әсер етуде. Әлемдік жаһандану құбылысындағы қайшылықтар мен қауіптер Қазақстанға өз ықпалын жасайды. Жаңа заман жағдайында, яғни конфессиялық топтардың саяси қайшылықтары кезінде жоғарыда аталған мәселелер ерекше маңызға ие және оларды еңсеру барысында Қазақстанның саяси-құқықтық құрылымы мен ұлттық ерекшеліктері есепке алынып отыруы тиіс.

Түйін сөздер: дискурс, дін, діни экстремизм, идеология, конфессия, құқық, радикализм, саяси-экстремизм, терроризм, ұйым, ұлттық қауіпсіздік, экстремизм, этникалық экстремизм.

K.J. Nazarbek

Political and legal discourse on the concept of “religious extremism”

In Kazakhstan, the problem of “religious extremism” and “terrorism” as a criminal act is not only cognitive significance, they are now among the important practical problems of the state. Because this problem is directly related to national security. Kazakhstan, which establishes an open society, affect the main tendency that occur in the global arena. All the contradictions and the threat of world globalization affect our state. In connection with this problem now, “religious extremism” are devoted to ensuring the national security of the state and the definition of priorities and resources.

Keywords: discourse, religion, religious extremism, ideology, confession, right, radicalism, political extremism, terrorism, organization, national security, extremism, ethnic extremism.

К.С. Назарбек

Политико-правовой дискурс о понятии «религиозный экстремизм»

В Республике Казахстан проблемы религиозного экстремизма и терроризма как противоправные деяния имеют не только познавательное значение, сейчас они в числе важных практических проблем государства. Потому что данная проблема напрямую связана с национальной безопасностью. На Казахстан, который устанавливает открытое общество, влияют основные тенденции которые происходят в мировой арене. Все противоречия и угрозы мировой глобализации воздействуют на наше государство. В связи с этим сейчас проблемы «религиозного экстремизма» посвящены обеспечению национальной безопасности государства и определению приоритетных направлений и средств.

Ключевые слова: дискурс, религия, религиозный экстремизм, идеология, конфессия, право, радикализм, политический экстремизм, сепаратизм, терроризм, организация, национальная безопасность, экстремизм, этнический экстремизм.

«Экстремизм» деген терминнің өзі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданысқа енді. «Экстремизм» (extremus, *орысша* – крайний) – жеке адамдардың, топтардың, ұйымдардың және сол сияқты қоғамдық қызметте барып тұран ұшқыры пікірге, пәтуасыз позиция мен шытырманды шараларға бейімділігі. Ол қоғамдық сана саласына, қоғамдық психологияға, моральға,

идеологияға қалай таралса, әлеуметтік топтар (әлеуметтік экстремизм), ұлыстар (ұлыстық немесе ұлттық экстремизм), қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар, мемлекеттер (саяси экстремизм), конфессиялар (діни экстремизм) арасына да солай таралады [1, 11 б.]. Яғни экстремизм қоғамдағы тәртіп пен нормаларды жоққа шығаратын құбылыс ретінде анықталады. Осын-

дай кері әрекеттерді жақтап, теріс көзқарастарды қолданғандар экстремистер болып табылады.

Экстремизм бұл ілім немесе ғылым емес. Ал өмірде радикалды саяси ілімдер, саяси ұғымдар, түсініктер жиі кездеседі. Олар бірте-бірте кең етек алып, күш жинап, нақты тәжірибелік әрекетке ұласады, яғни террорға, ұйымдасқан бандитизмге, қарақшылық қылмыс жасауға барады. Оның өміріндегі көріністері терроризм, геноцид, этноцид, расизм болып табылады. Терроризмнің бірнеше түрлері, нақтырақ айтқанда халықаралық құқықта белгілі 20-дан астам түрлері болғандықтан ғылыми зерттеулерде оның әлеуметтік-саяси және криминалдық құбылысының дефинициясын айқындау күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Кейбір ғалымдар, мәселен американдық Дж. Лонг оның күрделілігі мынадай екі жағдайдан туындайды деп есептейді: біріншіден – терроризм құбылыстарды бағалау жолдарының саяси-лануы мен идеологиялануы; екіншіден – кең спектр тұрғыда террористік құбылыстарды біркелкі қалыпты шеңберде біріктіріп, анықтау мүмкіндігінің болмауы және уақыт өткен сайын терроризмнің формалары мен тактикалық әдістерінің трансформацияға, яғни өзгерістерге ұшырауы [2, 3 б.].

Ал, Өзбекстандық ғалым К.З.Алимовтың пікірінше, терроризмді анықтаудың қиындығы мынандай негізгі төрт мәселеге байланысты деп пайымдайды: «Біріншіден, уақыт өткен сайын лаңкестіктің анықтамалары өзгеруде. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін лаңкестіктің «жаңа» формалары және оның өзге түрлері туындады және ол осы күнге дейін жалғасуда; Екіншіден, «лаңкес» термині келеңсіз атау болып табылады және оны қолдану – бұл саяси акт, сондықтан оның қауіпті салдары бар; Үшіншіден, әр түрлі мемлекеттік шенеуніктер, жазушылар мен журналистер лаңкестіктің күрделілігін түсінуге мүмкіншілігі немесе қалауы жоқ; Төртіншіден, тарихи, саяси, әлеуметтік, философиялық және құқықтық қарама-қайшы анықтамалар баршылық. Осының барлығы аталған терминнің дәл мәнін және оның қолдану жолдарын қиындатады» [3, 303 б.]. Бұл автордың тұжырымдарымен ішінара келісеміз. Тек қана «террор» терминін «қолданудың қауіпті салдары» бар деген пікірімен келіспеуге болады, себебі, оны қолданбау мүмкін емес, дегенмен тек тиісті жерінде ғана қолдану қажет.

Германияның криминалистика саласының

ғалымы А.Пфаль-Траугзер терроризмнің міндетті компоненттері ретінде мыналар болуы тиіс деп есептейді: саяси мақсаттардың болуы, қорқыту үшін зорлықтың мақсатты түрде бағытталуы, ұйымдық құрылымның міндетті түрде болуы және террористік іс-әрекеттер субъектілерінің қоғамнан ажырауы [4, 132 б.]. Саяси мақсат терроризмнің тек бір ғана міндетті компоненті деуге болмас, себебі, кейбір экстремистік және террористік ұйымдарда саяси мақсаттардан гөрі, діни, сепаратистік және этникалық мақсаттар басымдырақ болып келетіндігін тағы да ескеруіміз қажет. Бірақ, саяси радикализм тікелей экстремистік қылмыстың түріне жатпайды. Ол саяси ұрандар, популистік үндеулер тастайды, өз идеяларын жариялы түрде парақшалар арқылы таратады. Бірақ бұл экстремистік әрекет емес. Бұл саяси популизмнің, халық назарын өзіне аударудың, көпшіліктің көшбасшысы болуға ұмтылудың көрінісі болып табылады.

Біздің елімізде экстремизм мен терроризмнің пайда болуына әсер ететін себептер мен шарттар жойылған жоқ, ал бұл мәселенің шешілмеуі конституциялық құрылымға нақты қауіп туғызады, үлкен және кіші әлеуметтік топтармен мемлекетті басқарудың тұрақтылығын бұзуға, едәуір моральды, қаржылай және материалды шығындарға әкеліп соғады, қоғамды тұрақсыздандырады (әсіресе экстремистік және террористік акциялар маңызды саяси оқиғалар кезінде жасалса: сайлау, саяси, ұлттық немесе діни бағыттағы әлеуметтік даулар, көрші елдермен қарым-қатынастың өршігуі ж.т.б.), әлеуметтік және ұлтаралық қақтығыстарға себеп болады.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында осы заманның жаһанды тартулары мен дағдарыстарын анықтау және қарсы тұру жүйесі дамып жатыр, оның ішінде халықаралық терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтшылдық пен сепаратизмге, әлеуметтік және ұлтаралық даулардың алдын алу мен залалсыздандырудың механизмдері жасалады.

Соңғы онжылдықта Орта Азия елдері бұрынсоңды кездеспеген мәселеге тап болды, оның ішінде экстремизм мен терроризм. Батыста және Таяу Шығыста экстремизм саяси процесстің бөлігі болғаны бұрыннан белгілі. Соңғы жылдары еліміздің кейбір аймақтарында этносаралық және конфессияаралық даулармен, әртүрлі сепаратистік қозғалыстармен байланысы бар экстремистік іс-әрекеттің әр алуандылығы

көбейе түсті. Экстремизмнің сан түрлі аспектілерін (әлеуметтік, саяси, құқықтық, психологиялық және басқа да) зерделеу зерттеушілердің алдына экстремизмнің нақты мағынасын және осы құбылыстың Орта-азиялық аймақтағы ерекшеліктерін анықтау мақсатын қойып отыр. Осы мәселенің қойылуы соншалықты маңызды, тіпті кейбір зерттеушілер өзінің талдауларында Таяу Шығыстағы жағдаймен аналогия келтіреді. Ал бұл дегеніміз біздің ойымызша орынсыз және негізсіз. Әйтсе де кейбір ұқсастық кездерді, әсіресе экстремистік топтардың құрылымдарындағы ұқсастықтарды жоққа шығаруға болмайды.

Ғылыми және сараптаушылар ортасында бұл әлеуметтік құбылыстың көпаспектілі түсінігі қолданылып жүр. Зерттеуші Е.Тукумовтың пікірінше экстремизмнің түсінігінде екі бағытты бөлуге болады. Бірінші көзқарас экстремизмді бірауызды теріс және әлеуметті қауіпті құбылыс ретінде бағалайды. Екінші көзқарасты жақтаушылар бұл құбылыс біржақты теріс анықталмайды дейді. Олардың ойынша, бұндай әр мағыналық осы құбылысқа қатысты әр сипаттағы әрекетті кең қамту мүмкіншілігімен байланысты. Сондықтан, экстремизмге өзіндік түрінде тыйым салу мағынасыз болып табылады. [5, 11 б.].

А.Косиченконың пікіріне назар аударсақ, «діни экстремизм» деген ұғым, «дін» және «экстремизм» деген сөздер тіркесінің өзі жаңылысуға әкеліп соғады, оның артында тұрған құбылысты күрделете түседі. Бұл түсінік көп жыл бойы қолданыста жүріп тұрақты терминологиялық орам мәртебесіне ие болғанымен, осы түсінік – саясаттанулық түсініктері шарттылығының әдетті үлгісі болып табылады, ал бұл жерде шарттылық қауіпті, өйткені шартты түсініктің артында тұрған ішкі мазмұнын түсінудің жолын жабады. «Діни экстремизм» сынды түсініктерді қолдану схоластикаға әкеліп соғады да жағдайдың бізге қажетті бағытына әсер етуге мүмкіндіктен айырады [6, 13 б.].

Зерттеушілердің діни экстремизмнің мән-жайы туралы келтірілген пікірлерінің негізінде діни экстремизмнің біржақты ұғымының жоқтығы осы әлеуметтік құбылыстың көп аспектілігі мен күрделілігін сипаттайды деп қорытынды жасауға болады.

Дегенмен, осы мәселені зерттеуде Е.Тукумов, діни экстремизмнің ұғымы туралы ғылымда қалыптасқан негізгі бағытты көрсетуге болаты-

нын айтады. Оның алғашқысы, діни экстремизмді ішкі конфессиялық және этноконфессиялық құбылыстарға деген діни сананың ерекше реакциясы және осы кризисті діни емес жолдармен шешу әрекеті ретінде анықтайды. Ал, екінші позиция діни экстремизмді қоғамға қарсы, мемлекетке қарсы нақты мазмұнды саяси құбылыс ретінде қарастырады [5, 11 б.]. Авторларға екінші көзқарас жақын болып келеді, өйткені қоғамдағы әлеуметтік қақтығыстар мен даулар қалай жойылмайды, дәл солай экстремизм де жойылмайды. Экстремизм сан түрлі факторлардан туындайды: әлеуметті-экономикалық себептер, саяси институттардың деформациясы, режимнің тоталитарлы сипаты, биліктің оппозицияны басуы, әлеуметтік және саяси топтармен алдына қойған мақсаттарына жетуді жылдамдатуға немесе мәжбүрлі шаралар арқылы жетуге ұмтылыстары және т.б.

Еліміздің белгілі ғалымы Ж.Байсалбаева, алдымен діни экстремизмді саяси мінездің түрі ретінде анықтаған дұрыс болады деп пайымдайды, өйткені ол қоғамда қабылданған ұстанымдар мен ережелерді жекеленген тұлғалар мен топтар тарапынан радикал әрекеттерді жоққа шығарудың бір нысаны болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік билік тарапынан ол ықпал ету (ұстап тұру, коррекциялау немесе басып тастау) басты нысандарының бірі болады, көптеген жағдайда күш қолдану әдісі арқылы. Ол үшін саяси мінездің себептерін талдау қажет: нақты субъектінің, индивид немесе топтың әлемге көзқарасы және әлемдегі өз орны, қалай жағдайды іштей құрастырады, қандай талаптары, мақсаттары және құндылықты бағдарлары бар, қабылдау, ойлау, эмоциялық ерекшеліктері ж.т.б. Ғылымда саяси мінездің түсінігіне сан түрлі ұғым қалыптасқан, дегенмен саяси мінездің мазмұны мен сипаты субъектінің түріне, оның іс-қимылының себептеріне, мақсаттарына жету құралдарына, іс-әрекет жасалатын әлеуметтік ортаның жағдайына, сондай-ақ ықпал ету нысанының түріне байланысты... Бұның ішінде үш компонентті бөледі:

- Салыстырмалы қанағаттанбаушылық кезінде адамдар қолда барындағымен сондай-ақ мүмкін бар болуымен қатағаттанбайды. Үміттері мен оны жүзеге асыру мүмкіндігі арасында неғұрлым үлкен алшақтық болса, соқұрлым салыстырмалы қанағаттанбаушылық та үлкен болады.

- Әділетсіздікті сезіну – әркімге де тән

субъективті белгілі сезім және әр адамды әлеуметтік қозғалысқа тартуы мүмкін.

- Мәртебелілік белгісіздік адам әртүрлі деңгейдегі статуста болғанда дамиды. Мысалы, жоғары деңгейдегі білімі бола тұра адам біліктілікті керек етпейтін жұмыс істеуге мәжбүр болса [7, 49-50 бб.].

Аталған социогенді факторлар деформацияланған қажеттіліктер деп аталатыны белгілі, олар айналадағыларды басып алуға, өз еркіне көндіруге, өзге адамдарға зорлық жасауға тырысады. Құқықтанушылардың зерттеулері деформацияланған қажеттіліктерден құқыққа қарсы мінезде көзделетін және қанағаттандыруға бағытталған қоғамға қарсы мақсаттар да туындайтынын көрсетеді.

Сондай-ақ, адамда әлеуметтік қанағаттанбаушылықтың аталған факторлары бар болса, ол өз мүмкіндіктерін әлде шамданушылығын наразылық түрінде жеке немесе пікірлестерімен қосыла отырып жүзеге асыруға мүмкіндік іздейді.

Зерттеушілер экстремизмге қатысты қоғамдық мониторингінің, оны бұқаралық, төменгі деңгейде алдын алудың маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар биліктің барлық институттары және қоғамдық құрылымдардың қатысуымен экстремизмнің алдын алуғағы идеологиялық, саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, жедел-іздістіру аспектілерін жүзеге асыратын және мониторинг қарастырылған кешенді бағдарлама жасалуына назар аударылады [8, 104 б.].

Қазақстан Республикасы бастапқыдан барлық конфессиялар мен бөлек діни бірлестіктердің өркендеуі және даму процесі белсенді жүріп жатқан этникалық және поликонфессиялы мемлекет ретінде құрылып дамып жатыр. Қазақстанның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың айтуынша, «...біз Қазақстанда барлық діндердің теңдігіне және конфессияаралық келісімге кепіл береміз және қамтамасыз етеміз. Біз исламның, өзге де әлемдік және дәстүрлі діндердің жақсы дәстүрлерін құрметтейміз және дамытамыз, бірақ біз осы заманғы зайырлы мемлекет құрамыз» [9, 1-3 бб.].

Діннің қоғамдағы рөлі мол. Ол мәдениеттің бөлігі болып келеді, қоғамдық сананың түрі, әлемді танудың жолы, көптеген адамдардың рухани бағдары. Бірақ дін өзімен-өзі болмайды, ол қоғам дамуының өзге де жақтарымен өзара байланысты. Әлемдегі, еліміздегі өзгерістер діни іс-әрекеттерге де өз ықпалын тигізеді. Бүкіләлемдік

құбылыстардың ішінде жаһандандудың діни теория мен тәжірибеге тигізетін әсерін есепке алмауға болмайды.

Тәуелсіз даму жылдары кезеңінде Қазақстандағы діни жағдай күрделі өзгерістермен сипатталды. Қазақтардың қайта исламдануы мен славян арасындағы православиенің өркендеуі халықты өзге діндерге, сантүрлі көптеген сдіни ағымдарға, секталарға белсенді тартумен қатар жүріп келеді.

ҚР қалыптасқан ахуалды талдай келе, ғалымдар экстремизмнің бірнеше түрін белгілейді:

- діни экстремизм – қоғамда діни құндылықтарды күштеп енгізу;

- этникалық экстремизм – қоғамдық өмірдің барлық саласында титулды этносты үстемдетудің мемлекеттік саясатына қарсы тұру;

- саяси экстремизм – саяси мүдделерді күштеп жүргізу [10, 44 б.].

Біздің пікірімізше, экстремизм саяси мінездің түрі ретінде нақты этникалық немесе діни емес, олардың әр түрлерінің шиеленісі ретінде көрініс білдіреді.

Діни экстремизм әрқашан экстремистік іс-әрекеттің басқа түрлерімен тығыз арақатынаста болады – саяси, ұлтшылдық – әртүрлі саяси күштердің нақты мақсаттарына жету барысында идеологиялық және ұйымдастырушылық көмек ретінде. Экстремистік іс-әрекетті формалары бойынша шектеу – саяси, ұлтшылдық, діни – шартты болып келеді, өйткені олар іс жүзінде нақты түрінде өте сирек кездеседі. Содықтан соңғы кезде ғылыми басылымдарда этно-діни, діни-саяси экстремизм деген ұғымдарға жиі жүгінеді, криминалды экстремизм деген ұғым енгізілді [11, 56 б.].

Шындығында «діни экстремизм» ұғымы шынайы діннің негізгі қағидаларынан, қазіргі қолданыстағы ұлттық заңнамалардың және халықаралық құқықтың қағидағтарынан тыс шектен шығу дегенді білдіреді. Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігінде «діни экстремизм – басқа діндерді ұстанушы адамдарға тәуелсіздік танытып, соған сәйкес қоғамға қарсы, көбінесе құқыққа қайшы, соның ішінде азаматтарға қарсы күш қолдану әрекеттеріне шақыру» [12, 18 б.]. Тарихи деректерге сүйене отырып осы анықтамалардың түпкі мазмұнын төмендегі мысалдар арқылы қарастырайық.

Біздің дәуіріміздің 66-73 жж. қазіргі Палестина жерінде «сикари» (“sika” – қысқа қанжар) деп аталатын діни экстремистік ұйым болған. Сикарилердің негізгі мақсаттарының бірі – Иерусалимде римдіктерге және гректерге қарсы көтеріліс жасау еді. Аталған дәуірдің 73-ші жылы олар негізгі мақсатын жүзеге асырды да. Сикарилердің адамдарды өлтіру құралы ретінде қысқа қанжарлары болды. Көпшілік қауым жиналған жерлерде зорлық актілері тікелей іске асырылып отырылды. Олардың іс-әрекеттері жөнінде әртүрлі талқылаулар бар. Сикарилер еврейлік протестанттықты уағыздаған. Олардың ең басты идеясы – Құдайды мойындау, сонымен қатар Құдай мен адамдар арасындағы делдал болған барлық діни қызметкерлерді мойындамаған дегендер бар. Кейбіреулер сикарилердің іс-әрекеттерін тек кедейлердің байларға әлеуметтік қарсылығы деп есептеген. Қандай да бір жағдай болмасын, бәрібір сикарилердің іс-әрекеттерінде діни мотив (сылтау) болғаны анық. Сикарилер Иерусалимде римдіктер өкіметі құлағаннан кейін, Құдай адамдардың алдына шығып көрінеді деген сенімдері болған [13, р 8.]. Осы деректе айтылғандай, сикарилер өз іс-әрекеттерін діни экстремистік сылтау мен діни экстремистік идеологиялық базасы негізінде жүзеге асырған. Жоғарыда айтылған әртүрлі талқылаулар олардың негізгі діни экстремистік идеологиясын толыққанды етіп көрсетпейді. Дегенмен, бұл тура діни экстремистік ұйым деп айтуға болады. Өйткені, сикарилер ұйымы шынайы діннің қағидаттарынан ауытқыған діни экстремистік идеология базасы арқылы тікелей қылмыстық іс-әрекеттерге барған. Олардың діни террористер мен діни экстремистерге тарихи-құқықтық ұқсастықтары мынада болып табылады: осы уақыттағы белгілі діни террористер мен экстремистер түрлі себептермен адамдарды өлтіреді, тіпті өзін-өзі жарып та жібереді. Соның салдарынан жазықсыз адамдардың өмірі қиылады, яғни сикарилердің діни терроршылар мен діни экстремистер арасындағы негізгі ұқсастығы – діни экстремистік идеологиялық ұстанымдарында. Олар іс-әрекеттеріміз шын дінге сәйкес жасалды деген жалған сенімде, демек олардың осы жалған сенімдегі қателіктері бір жақты ғана теріс түсініктердің көрінісі болып табылады. Дін қағидаттары тұрғысынан сикарилердің жалған сенімдері мен олардан туындайтын іс-әрекеттері үлкен күнә болып саналғанымен, сикарилердің

пайымдауынша адамдар өз қолдарымен жасаған заңсыз іс-әрекеттерін «қылмыс емес» деген жалған ұғым аясында пайымдап, өздерін «ақтауға» тырысады.

Тарихқа көз жүгіртіп қарасақ, «таги» немесе «тхуги» (“thugs” – *ағылшын тілінде* «баскесерлер») деп аталған діни экстремистік құпия ұйым болған. Бұл ұйым XIII-XIV ғасырлар аралығында Үндістан мен Қиыр Шығыста біршама заңға қарама-қайшы немесе қарсы келетін іс-әрекеттер жасады. Бұлай деуіміздің себебі, осы ұйым мүшелерінің қылмыстары салдарынан миллионға жуық адам өлтірілген. Демек, аталмыш ұйымның іс-әрекеттері діни экстремистік сипаттарға ие, өйткені олардың адамдарды өлтіруі құдай-анасына (кали) күш береді деген жалған сенімге негізделген. Көптеген жағдайларда «баскесерлер» адамдарды жібек орамалдарымен тұншықтырып өлтіретін болған [14, р 51]. Аталмыш ұйымның мүшелері сикарилер сияқты діни экстремистік идеологияны басшылыққа алып адамдардың өмірін қиып отырған және осы мақсатта әртүрлі қылмыстық тәсілдер мен құралдарды өз іс-әрекеттерін тікелей жүзеге асыру үшін қолданып келген. Олардың сикарилерге қарағанда көп мүмкіншіліктері бар екендігі осыдан білінеді, сондай-ақ тиісті түрде қылмыстық зардаптары да ауқымды болып келеді. Десек те олардың екеуінің де діни экстремистік идеологиялары мен көздеген мақсаттары бір-біріне жақын.

Сондай-ақ, тарихта «ассассиндер» (*ағыл.* «assassinate» – өлтіру) деп аталған діни экстремистік ұйымның болғандығы белгілі. «Assasinate» сөзі «Hashashin» сөзінен шыққан, яғни «гашишті жеушілер» деген ұғымды білдіреді. Ассассиндер біздің дәуіріміздің 1090–1275 жылдары аралығында Парсы мен Сирия аумағында іс-әрекеттер жасаған. Олардың мақсаты – ислам дінін тазалау болды. Ассассиндер халифаларды, патшаларды және уәзірлерді өлтірумен айналысты. Бұл ұйымның басшысы, ислам дінінің исмаилиттік бағыттағы танымал тұлға Хасан ибн Саббах болған. Хасан ибн Саббах Низариттер мемлекетін құрған. Ол үлкен күш болмаса да, жүйеленген экстремистік мүмкіншілігін өте жақсы түсінді. Ассассиндердің қаруы қанжар болды, өйткені ол адамдарды өлтіруге ыңғайлы еді. Олар өз іс-әрекеттерін қасиетті амалдар деп есептеді. Ассассиндер өлім мен азаптауды ұнатты. Олардың іс-әрекеттері қазіргі діни лаңкестерге ұқсайды [15, р 12]. Ассассиндердің

көсемі Хасан ибн Саббах діни сауатты адам болған. Алайда, шын діннен ауытқып, негізсіз діни экстремистік идеялары арқылы осы ұйымды құрған. Ол өзінің жақтастарына гашиш есірткісін шектіріп, олардың діни экстремистік саналарын қалыптастырып, одан кейін оларды діни террорлық актілер жасауға бағыттап отырған. Осы орайда айта кететін жәйт – қазіргі діни терроршылар мен экстремистер де діни экстремистік, террорлық актілерді жүзеге асырудан бұрын опиум, гашиш, наша сияқты есірткілік және басқа да адам психикасына зиян заттарды пайдаланатын әдістерді қолдануы әбден мүмкін.

Бүгінгі күні діни экстремизмнің халықаралық сипатталғаныақиқат. Солсебепті, онымен күрес аясында мемлекеттер халықаралықынтымақтастық қағидаттарының күшіне сүйеніп айқындалған тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асырады, яғни мұндай ынтымақтастық қажетті халықаралық шарттардың және халықаралық ұйымдардың қызметтерінің шеңберінде жүргізіледі. Сонымен қатар, діни экстремизммен күресудің іс-шараларын жүзеге асыру кезінде халықаралық және мемлекеттік деңгейде адам құқықтары мен бостандықтары сақталмай, көптеген құқық бұзушылықтар орын алып жататындығы анық. Кейбір мемлекеттердің қайсы бір діни экстремистік ұйымдарды қолдайтындығы өз алдына белгілі. Міне, осыған байланысты халықаралық-құқықтық жауапкершілік мәселелері де туындайды. Өз кезегінде жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын халықаралық-құқықтық қорғау халықаралық гуманитарлық құқық нормалары негізінде халықаралық мемлекетаралық ұйымдардың және халықаралық үкіметтік емес ұйымдарының құзіреттері шеңберінде іске асырылады. «Діни экстремизм» мен оған етене жақын терроризмнің алдын алу және олармен күресудің тиімді жолдарын айшықтап жүзеге асыру халықаралық құқық жүйесінің негізгі, шешуші функцияларының бірі болып табылады.

1963 жылдың 14 қыркүйегінде Токио қаласында қабылданған әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыс пен басқа да әрекеттер туралы Конвенцияның 1-ші бабының 1-ші тармағында «қылмыс болып табылатын не табылмайтын, тек әуе кемесінде болған тұлғаларға немесе мүліктерге немесе әуе қауіпсіздігіне қауіптілік тудыруға бағытталған актілер қылмыс болып табылады» [16, 4 б.] деп бекітілген. Алайда, Конвенцияның мәтінінде «терро-

ризм» немесе «діни экстремизм» терминдері қолданылмайды, олардың орнына «актілер» сөзі басшылыққа алынады. Ол түсінікті де, себебі бұл терминдердің анықтамалары сол кезде қалыптасқан халықаралық құқық шеңберінде бейтаныс еді.

Ал, 1970 жылдың 16 желтоқсанында Гаага қаласында әуе кемелерін заңсыз басып алуға қарсы күрес туралы Конвенция қабылданды. Бұл халықаралық актінің мәтінінде де «актілер» сөзі қолданылады. Конвенцияның зерттеуімізге қатыстылығы сонда, оның мазмұнында халықаралық шарттар жасау тәжірибесінде тұңғыш рет аталмыш қылмыстың құрамына терроризмнің негізгі мынандай элементтері енгізілді: 1) қорқыту, 2) зорлықпен қауіп туғызу. Бұл туралы конвенцияның 1-ші бабында нақты жазылған [16, 4 б.]. Осылай біртіндеп болса да, терроризмнің кейбір элементтері халықаралық-құқықтық тұрғыдан таныла бастады. Бұл құқықтық нормалардың бекітілгені әбден дұрыс қадам, себебі ондай заңсыз актілердің тек қана әуеде ғана емес, сонымен қатар жерде де болуы мүмкін екендігі ескерілді.

Қарастырылған конвенциялардың мәтіндерінде «діни терроризм» және «діни экстремизм» терминдері қолданылмағанымен, оларды білдіретін қамтитын «актілер» бекітілді. Бұл өз кезегінде әуе кемелері мен әуежайларда террористермен діни экстремистер қылмыстарды жасаған жоқ дегенді білдірмейді, бірақ негізінен заңсыз актілермен күресу орын алғанын көрсетеді. Демек, бұдан өз кезегінде халықаралық лаңкестікке ұласуға серпін беретін құбылыстармен емес, тек оның салдарымен ғана күрес жүргізілді деп түйін жасауға болады.

Сондай-ақ, 2001 жылдың 28 қыркүйегі күні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің № 4385-ші мәжілісінде арнайы бекітілген № 1373 резолюциясында «шыдамсыздық пен экстремизм» террорлық актілердің тікелей сылтауы болып табылатындығы аталып өтіледі [17, 371 б.]. 2005 жылдың 14 қыркүйегі күні Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті № 5261-ші мәжілісінде қабылданған №1624 резолюциясының кіріспесінде де террорлық актілер тек шыдамсыздық пен экстремизмді жүзеге асырудың сылтаулары екендігі көрсетіледі [17]. Бұдан шығатын қорытынды – «терроризмнің» барлық түрлерінің тікелей туындауына экстремизм негіз болып табылады деп тұжырымдауға болады. Экстремизмнің тікелей туындауына, өз кезегінде

радикализм негіз болады, ал шыдамсыздық та бұл орайда соңғы сияқты экстремизмнің «ажырамас» элементтерінің бірі.

Халықаралық терроризмді қаржыландыру – халықаралық бейбітшілік пен құқықтық тәртіпті бұзуға бағытталған қылмыстардың бірі екені ақиқат. Тікелей айтылмаса да бұл құжат діни экстремистік ағымдағы ұйымдарды қаржыландыруға жол бермеу үрдісіне өз ықпалын тигізбей қоймайды.

2001 жылдың 15 маусым күні Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымы аясында терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу туралы конвенцияға мүше мемлекеттер өз қолдарын қойды. Конвенцияның 1-бабының 1, 2, 3-тармақшаларында аталған құбылыстарға құқықтық анықтамалар берілді [16, 248-251 бб.]. Олар құқық (заң) техникасы жағынан біршама негізде тұжырымдалған. Бірақ та мәтінде бұл қылмыстардың субъектілері және субъективтік жақтары ешқандай көрініс таппаған, демек тек қандай объектілерге қарсы бағытталғандығы ғана айқындалған.

2005 жылдың сәуір айының 21 жұлдызында Ташкент қаласында ШЫҰ-на мүше болып табылатын мемлекеттер Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан мен Өзбекстан Республикалары арасындағы терроризмге, саяси және діни экстремизмге, ұлтаралық ұйымдасқан қылмысқа және Тараптардың тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатер төндіруге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы шарт жасалғанын айтпай кетпеуге болмайды [16, 286-296 бб.].

Қазақстан Республикасында діни экстремистік құрылымдардың құқыққа қайшы әрекеттерімен күрес саясатын қалыптасыру мәселесі танымдық қана емес практикалық маңызы үлкен мәселелер қатарында. Себебі аталмыш мәселе елдің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей байланысты. Ашық қоғам орнатып жатқан Қазақстанға әлемдік қауымдастықта болып жатқан негізгі үрдістер әсер етуде. Әлемдік жаһандану құбылысындағы қайшылықтар мен қауіптер Қазақстанға өз ықпалын жасайды.

Соңғы жылдардың ішінде Бас прокурордың өтініші бойынша сот орындары «әл-Каида», «Шығыс Түркістан ислам партиясы», «Күрд халық конгресі», «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Асбат-әл-Ансар», «Мұсылман бауырлар», «Талибан» қозғалысы, «Бозқұрд», «Орталық Азия моджахедтер жамағаты», «Лашкар-и-Тайба,

«Әлеуметтік реформалар қоғамы», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы», «Әлеуметтік реформалар Қоғамы», «АУМ Синрике» және «Хизб-ут-Тахрир, «Таблиғи Жамағат» – сияқты 14 террористік және 2 экстремистік ұйымның іс-әрекетіне тыйым салды. Бұл шетелдік құрылымдарды Шанхай ынтымақтастық ұйымы да террористік деп танып, олардың көбісі сондай-ақ, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі мен Еуропалық Одақтың шешімдеріне сәйкес халықаралық террористік ұйымдар тізіміне енгізілген.

Соңғы уақыттарда Қазақстан азаматтарын түрлі халықаралық экстремистік және террористік топтарға тарту шараларының қаупі күшеюде. Әсіресе исламдық діни-саяси ұйымдардың белсенділігі байқалуда. Атап айтсақ, 2005 жылғы 28 наурызындағы Астана қаласы сотының шешіміне сәйкес «Хизб-ут-Тахрир» діни-саяси партиясы экстремистік деп танылса да, бүгінгі күні еліміздің аумағында аталмыш діни ұйым өз жұмысын астыртын жалғастыруда. Сондай-ақ еліміздің барлық аумақтарында исламдық сипаттағы экстремистік діни топтардың «Уаһхабилер», «Таблиғи-жамағат» миссионерлері, «Такфиршілер» және жаңа сопылық бағыттағы Исматуллашылардың радикалдық әрекеттері бой көрсетуде. Олардың Ата Заңымызға қарсы мазмұндағы діни әдебиеттері, заңсыз мешіт салумен байланысты құқық бұзушылықтар, жастарға дәстүрлі емес діни ілімді күшпен оқыту және халыққа радикалды діни ұстанымды насихаттау фактілері көптеп кездесуде.

Жалпы ұғымдағы экстремизмнің ең негізгі түрлерінің бірі болып танылатын бұл күрделі құбылыс өз кезегінде діни экстремистік идеологиялық негіздерді қолданудан бөлек, экстремистік идеологиялық құралдарды пайдаланумен де ерекшеленеді. Одан туындайтын факторлар діни экстремизммен күресудің кешенді зерттеу тұрғысынан қарастыру қажеттілігінің бар екендігін айқындайды. Діни экстремистік құрылымдар тарапынан жасалатын заңсыз әрекеттерімен күресу ісінің күрделі болуының негізгі бірнеше себептері бар. Атап айтар болсақ, біріншіден, діни экстремистік құрылымдардың қауіптілігін ескертетін арнайы немесе жеке құқықтық құжаттың әлі күнге болмауы оған қарсы іс-қимылдарды жүзеге асыруды терроризммен күресу аясында жүргізуге итермелейді; екіншіден, діни мәселелерге және діни ағымдарға байланысты кейбір мемлекеттердің

саяси-құқықтық ұстанымдарының халықаралық-құқықтық нормаларға сәйкес келмеуінен; үшіншіден, «діни экстремизмге» қатысты теориялық-әдістемелік және тәжірибелік маңызы бар мәселелерді ғылыми зерттеуге арналған еңбектердің, оның ішінде заңгерлер тарапынан талқыланып жатқан жұмыстардың тым аздық болуымен, сондай-ақ олардың бір-бірімен үйлесім таппай жатқандығымен де түсіндіріледі.

Діни экстремизм құбылысының Орталық Азия мен Қазақстан орналасқан аймақтарда бой көрсетуі осы елдердің зайырлы дамуы мен бірлігіне, ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіріп отырған басты мәселенің бірі. Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиленғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп» [18, 55 б.] деген пікірі маңызды және оның маңыздылығы экстремизмнің, оның ішінде діни экстремизмнің терроризмге ұласуымен анықталады.

Сонда-ақ, заңнамалық нормаларының мазмұнын жалпы жинақталған сипатта қорытындылай келе мына төмендегідей тұжырымдар жасауға болады. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес құқықтық реттеу объектісі – экстремизмнің негізгі үш түрі және оның ішінде діни экстремизм де ұмыт қалмаған заңның негізгі мақсаты

– экстремизмнің барлық, онда аталған әрі анықталған негізгі түрлерімен күресу. Негізгі міндетінің бірі – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ең басты қағидаты – заңның үстемдігі. Заңның негізгі бағыттарының бірі экстремизм көріністерінің алдын-алу, анықтау, жолын кесу және халықаралық ынтымақтастық аясын айқындау.

Заңның құқықтық тетіктері – Қазақстан Республикасының негізінде бекітілген халықаралық шарттары, Конституцияның өзі және оған карама-қайшы келмеуі талапты нормативтік құқықтық актілері. Алайда заңның жетілдірілуі қажет тұстары жоқ емес. Оның әлеуетін көтеру мақсатында, оған діни экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы жобасы негізделіп жасалған жеке немесе арнайы нормативтік құқықтық актінің осы заңға тәуелді, яғни оны орындау үшін шығарылған немесе заңнамалық акт мәртебесін де (мысалы, Қазақстан Республикасының Президентінің заң күші бар жарлығы ретінде) қабылдауды игі деп есептейміз.

Қазіргі Қазақстандағы радикалды сипаттағы экстремистік діни құрылымдардың орны мен қызметі күрделі мәселелердің біріне айналып отыр. Осыған байланысты бүгінгі күні дін мәселесіне байланысты елімізде ұлттық қауіпсіздікті және мемлекеттік бірегейлікті қамтамасыз етудің басты бағыттары мен құралдарын анықтау қажеттілігі тұр. Бұл өз кезегінде діни қатынастарды реттеу мен діни әрекеттерді болжаудың әдіс-тәсілдерін, формаларын жасақтайтын іргелі ғылыми ізденіс жұмыстарын талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Қоянбекова С.Б., Қазиев З.Ф., Грицаенко О.А., Шадьқұлы Қ., Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың қазақша-орысша және орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Принт» баспасы, 2006. – 192 б.
- 2 Long D. The Anatomy of Terrorism / D. Long. – New York: The Free Press, 1990. – P. 231.
- 3 Турекулов А.Б. Международно-правовые средства борьбы против терроризма в странах Центральной Азии: дисс. ... канд. юрид. наук. – Алматы. – 2007. – 176 с.
- 4 Пфаль-Траутзер А. Правый терроризм в ФРГ // Актуальные проблемы Евро-пы. 1997. – № 4. – С. 132-135.
- 5 Тукумов Е.В. Религиозно-политический экстремизм как угроза региональной и национальной безопасности стран ЦА. Саяси ғыл.канд.авторефераты – Алматы, 2005. 27-б.;
- 6 Косиченко А. Соотношение религиозных и светских ценностей в современном мире. – проблемы религиозного экстремизма в Центральной Азии/ Халықаралық конференция материалдарының жинағы – Алматы, 2001.
- 7 Байсалбаева Ж. Проблема информационного противодействия терроризму. – Центральная Азия после войны в Афганистане: новые угрозы. Халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы. 2002. 49-51 бб.
- 8 Дарменов А.Д. Парадигма религиозного насилия. Актуальные проблемы борьбы с преступностью на современном этапе. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы: ҚР ПМ Академиясы, 2003. 104 б.

- 9 Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының 3 съезіндегі сөзі. – Егемен Қазақстан. 02.07.2009 ж.
- 10 Карин Е. Тенденции религиозного экстремизма в Центральной Азии: геополитический аспект. – Проблемы религиозного экстремизма в ЦА: Халықаралық конференцияның материалдары. – Алматы. 2001. 44-б.
- 11 Религиозный экстремизм в современном мире: Учебное пособие / Семедов С.А. Васильева О.Ю., Булатова А.О. – Москва. 2011. 140 с.
- 12 Қоянбекова С.Б., Қазиев З.Ф., Грицаенко О.А., Шадьқұлы Қ., Халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың қазақша-орысша және орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Принт» баспасы, 2006. – 192 б.
- 13 Laguer Walter. A History of Terrorism. Transaktion Publishers. – U.S. 2001. – P. 285.
- 14 Rapoport David «The Four Waves of Modern Terrorism» in Cronin, Audrey Atta-cing Terrorism, Georgetown University Press. – Washington, DC. – P. 238.
- 15 Daftary, Farhad (1990). The Ismailis: Their history and doctrines. Cambridge, England: Cambridge University Press. – P. 251.
- 16 Сборник нормативных правовых актов по вопросам борьбы с международным терроризмом и экстремизмом / Сост. Е.Б. Ахметов. – Алматы: «Раритет», 2007. – 330 с.
- 17 Хан Г.Б., Хан И.Г., Кунгебаев Р.Р. Терроризм и антитеррористические законы. – Алматы, 2007. – 376 с.
- 18 Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 240 б.

References

- 1 Koyanbaeva S.B., Kaziev Z.G., Gritsaenko O.A., Shadykuly K., Khalykaralyk terrorism zhane e[stremizmмен kures salasyndagy negizgi terminder men ugymdardyn kazakhsha-oryssha zhane oryssha-kazakhsha tusindirme sozdigi. – Алматы: «Print» baspasy, 2006. – 192 b.
- 2 Long D. The Anatomy of Terrorism / D. Long. – New York: The Free Press, 1990. – P. 231.
- 3 Turekulov A.B. Mezhdunarodno-pravovye sredstva bor'by protiv terrorisma v stranah Tsentral'noi Azii: diss. ... kand. Yurid. nauk. – Алматы. – 2007. – s. 176.
- 4 Pfak'-Traugzer A. Pravyi terrorism v FRG // Aktual'nye problem Evropy. 1997. – № 4. – s. 132-135.
- 5 Tukumov E.V. Religiozno-politicheskiy exstremizm kak ugroza regional'noi I natsional'noi bezopasnosti stran Tsentralnoi Asiyi. Sayasi g.kand.avtoferaty – Алматы, 2005. 27-b.
- 6 Kosichenko A. Sootnoshenie religioznyh I svetskikh tsennostei v sovremennom mire. – problem religiozno exstremisma v Tsentralnoi Asiyi / Halykaralyk konferentsiya materialdarynyn zhinagy. – Алматы, 2001.
- 7 Baisalbaeva Zh. Problema informatsionnogo protivodeistviya terrorizmu. – Tsentralnaya Asia posle voyni v Afganistane: novye ugrozy. Halykaralyk konferentsiya materialdary. – Алматы, 2002. 49-51 bb.
- 8 Darmenov A.D. Paradigma religiozno nasiliya. Aktualnye problem bor'by s prestupnost'iu na sovremennom etape. Halykaralyk gylymi-tazherbielik konferentsiyany materyaldary. – Алматы: KR IIM Akademiyasy, 2003. 104 b.
- 9 Kazakhstan Presidenti N.Bazarbaevtyn alemdic zhane dasturli dinder baszhylarynyn 3 s'ezindegi sozi. – Egeмен Kazakhstan. 02.07.2009.
- 10 Karin E. Tendentsi religiozno exstremisma v Tsentralnoi Asiyi: geopoliticheskiy aspect. – Problemy religiozno exstremisma v Tsentralnoi Asiyi / Halykaralyk konferentsiya materialdary. – Алматы, 2001. 44-б.
- 11 Religiozni exstremism v sovremennom mire: Uchebnoe posobie / Semedov S.A., Vasil'eva O.Y., Bulatova A.O. – Moskva. 2011. 140 s.
- 12 Koyanbekova S.B., Kaziev Z.G., Gritsaenko O.A., Shadykuly, Halykaralyk terrorism zhane exstremizmмен kures salasyndagy negizgi terminder men ugymdardyn kazakhsha-orissha zhane orissha-kazakhsha tusindirme sozdigi. – Алматы: «Print» baspasy, 2006. – 192 b.
- 13 Laguer Walter. A History of Terrorism. Transaktion Publishers. – U.S. 2001. – P. 285.
- 14 Rapoport David «The Four Waves of Modern Terrorism» in Cronin, Audrey Atta-cing Terrorism, Georgetown University Press. – Washington, DC. – P. 238.
- 15 Daftary, Farhad (1990). The Ismailis: Their history and doctrines. Cambridge, England: Cambridge University Press. – P. 251.
- 16 Sbornic normativnyh provovyh aktov po voprosom borby s mezhdunarodnym terrorismom i exstremizmom / Sost. Ahmetov E.B. – Алматы: «Raritet», 2007. – 330 s.
- 17 Han G.B., Han I.G., Kungebaev R.R. Terrorism I antiterroisticheskie zakony. – Алматы, 2007. – 376 s.
- 18 Nazarbaev N.A. “Syndarly on zhyl”. – Алматы: «Atamura», 2003. – 240 b.